

**С. Бекжасаров, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Р. Ә. Ауланберген, мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)**

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы — адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын жария еткен бірден-бір халықаралық-құқықтық құжат. 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 217 А (III) жарғысымен қабылданған және жарияланған. Құжатта белгіленіп, бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының жалпыға бірдей мойындалуын, сақталуын және тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бұл құжаттың негізгі міндеті.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы ерекшелігі мен маңыздылығы адам құқықтары мен бостандықтарын алғашқы болып халықаралық дәрежеге көтергендігінде жатыр. Декларацияның міндеттілігі, заңдық сипаты жоқ, яғни бекітілген нормалар сөзсіз орындалуға тиісті емес. Дегенмен құжатта белгіленген адам құқықтары мен бостандықтары жөніндегі қағидалардың маңыздылығына байланысты. Декларация жалпыға бірдей акт ретінде танылады және оны қабылдауға дауыс берген мемлекеттердің барлығы бірдей орындауға тырысады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы әр адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше-мемлекеттерінің халықтарымен қоса, олардың юрисдикциясына қарасты территориялардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жария етіп отыр.

Адам құқықтары мәселесі әрқашанда қоғамдағы адам орнын белгілейтін құқықтарды иемдену үшін, олардың көлемін кеңейту үшін жүргізілетін сыныптық шайқастар мәселесі болған. Тарих көрсететіндей әр ұрпақ адам құқықтарын қайта қорғауға мәжбүр болады, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және қолдау үшін күш қажет болмайтындай жағдай адамзатқа кездескен емес. Сондықтан да, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын әрбір азаматтың білуі және оның сақталуының қамтамасыз етуі — еліміздің мәртебесін одан әрі жоғарылатады деген сенім бар.